

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 566
бұйрығына қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында
индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі
әдістемелік ұсынымдар**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің (бұдан әрі – ИК) қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар оларды құру кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

2. ИК қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. ИК консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2-бөлім. ИК қызметінің тәртібі

4. ИК қызметінің негізгі мақсаты ТЖКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялар мен ұсынымдар беру болып табылады.

5. ИК қызметінің негізгі міндеттері:

1) ТЖКБ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін мазмұнын қарастыру;

2) білім беру ұйымдарының бейіні бойынша сала кәсіпорындарымен олардың практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысуын кеңейту мақсатында байланыс жасауға жәрдемдесу;

3) түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;

4) жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері туралы кеңес беру;

5) білім беру мекемесінің оқу процесіне тиісті саланың кәсіпорындарын тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

6) студенттерге стипендиялар мен сыйлықтар тағайындауға жәрдемдесу;

7) оқу орнына зертханаларда, шеберханаларда және басқа да объектілерде қажетті оқу-өндірістік жабдықтар бойынша консультация беру;

8) Сала кәсіпорындарымен әріптестік қарым-қатынастарды дамытуда оқу орнына көмектесу.

6. ИК негізгі функциялары:

1) кәсіпорындардың талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;

2) бітірушілердің кәсіпорында бейімделу мерзімін қысқарту;

3) орта мерзімді перспективада өзінің білім беру күш-жігерінің нәтижесінде салынған капиталдан үлкен қайтарымға қол жеткізу;

4) қосымша оқытуға жұмсалатын шығындарды төмендету;

5) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және оқу орнын оқыту бағдарламасын нақты өндіріске қайта бағдарлау;

6) кәсіпорындар тарапынан білім беру ұйымдарын қаржыландыру көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу;

7) өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде еңбекақы төлеу мәселесін шешу;

8) өндірісте (машиналар, кондырғылар, жұмыс процестері және т.б.) нақты жағдайларда оқытуды ұйымдастыру мәселесін шешу;

9) еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімін қамтамасыз ету;

10) жұмыссыз жастар деңгейін төмендету;

11) ТЖКБ жүйесін тиімді басқару және оның сапасын қамтамасыз ету.

7. ИК төрағасы тиісті саладағы компанияларды, кәсіпорындарды білдіретін ИК мүшелері арасынан сайланады. Ол ИК қызметіне басшылық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

8. ИК құрамына ТЖКБ ұйымының өкілі, оның студенттері мен түлектері, дауыс беру құқығы жоқ консультанттар кіреді.

9. ИК бірнеше комитеттерден тұруы мүмкін, олардың әрқайсысы жеке білім беру бағдарламалары бойынша кеңес береді. Әрбір комитет қаралатын бағдарламаға сәйкес келетін нақты кәсіби саламен байланысты тәжірибесі мен білімі бар тиісті компаниялардың, кәсіпорындардың, салалық және/немесе кәсіптік қауымдастықтардың басшылары және/немесе мамандары, білім беру ұйымдары болып табылатын 6-12 тағайындалған мүшелерден тұруы мүмкін.

10. ИК-ның жұмыс органы ТЖКБ ұйымын қолдау қызметі болып табылады, ол:

1) ИК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

2) ИК барлық шешімдерін ресімдеуді қамтамасыз етеді;

3) ТЖКБ білім беру ұйымы мен ИК мүшелері арасындағы жұмысты үйлестіреді.

11. ИК және бағдарлама комитеттері отырыстарының ұсынымдарын іске асыру үшін куратор жауапты болады.

12.Төраға Индустриялық кеңес пен комитеттердің отырыстарын шақырып, бағдарламаның тиісті жетекшісімен кеңес беру бойынша күн тәртібін айқындайтын болады.

13.Комитеттердің отырыстары Төрағаның немесе комитеттердің, бағдарлама кураторының немесе мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша жиі кездесу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізілуі мүмкін.

14. Дауыс берушілердің 50% катысса, кворум заңды болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.